

Ашық сабақ

Тәелсіз елдің астанасы **Тәелсіз елдің астанасы**

(5-сынып)

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі
Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Аппасова Гүльмира Шарипхановна**

| | | |
|-----------------------------------|---|---------------------------|
| Мектеп: | Мұғалімнің аты-жөні: Күні: | |
| Сынып: 5 | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Тәуелсіз елдің астанасы | |
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары: | Сөйлесім әрекетінің негізінде оқушылардың тәуелсіз елдің астанасы жайлы ақпараттық ұғымын қалыптастыру. Жаңа тақырып бойынша әртүрлі тілдік тапсырмалар орындату негізінде ақпараттық-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру. Қазақ тіліндегі тілдік құрылымдар арқылы патриоттық тәрбие беру. | |
| Сабақ нәтижесі: | <p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Сөйлесім әрекетінің негізінде оқушылар тәуелсіз елдің астанасы жайлы ақпарат бере алады.</p> <p>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Астана туралы түсінік береді, мәтінмен жұмыс жасай отыра, оқушылар сөйлеу дағдыларын арттырады.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p> | |
| Бағалау критерийі | Тәуелсіз елдің астанасы жайлы ақпарат береді. Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. | |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, карта және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар. | |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік. Рефлексия. | |
| Алдыңғы оқу | Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау. | |
| Сабақтың жоспары | | |
| Жоспарланған уақыт | Сабақ барысы: | |
| Басталуы | <p>Ұйымдастыру кезеңі: -Сәлеметсіздер ме, балалар, Қане, дөңгеленіп, түзеліп, Оқушыға лайық Қолымызды жіберіп, Түп-түзу боп тұрайық.</p> <p>Психологиялық дайындық: (шаттық шеңбері) -Балалар, бүгінгі сабаққа бізге қонақтар келіп отыр. Олай болса, бәріміз бірге қонақтармен сәлемдесейік. Жақсы оқып сабақты, Әдеп сақтау сәніміз. Сәлем бердік сіздерге, Басымызды иіп біз.</p> <p>-Балалар, сабағымызды сұрақ-жауап арқылы тәлім сәтінен бастайық. Мұғалім: Әрбір адам Оқушылар: досым, сыныптасым Мұғалім: Әрбір ісің Оқушылар: тірлік, тірек, адамдық Мұғалім: Әрбір сөзің Оқушылар: шындық, бірлік, адалдық Мұғалім: Әрбір сабақ Оқушылар: үйрену, оқу, іздену. -Олай болса, балалар, бүгінгі сабағымызда әрбір ісімізге мұқият болайық. -Сыныпта кім кезекші? -Сыныпта кім жоқ?</p> <p>Үй жұмысын тексеру: Схема бойынша сөз тіркестер құрастыру. Үй, автобус, кітап, сөмке.</p> | |

қасында үстінде .



астында ішінде



•
-Балалар, сонымен көмекші есімдер дегеніміз не?

Жаңа білім



1.-Балалар, мына суреттерге назар аударайық. Тарихи мәні бар құрылыстар мен ескерткіштердің атауларын айтып ой шақырайық.

-Сонда балалар осы панорамада қай қаланың бейнесі көрсетілген екен?

-Нұр-Сұлтан қаласының.

-Дұрыс (мұғалім ортадағы кәртішкені аударғанда «Нұр-Сұлтан» деген сөз пайда болады).

2.Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау:

-Ендеше, біз бүгінгі сабақта жас қала, еліміздің жүрегі- Нұр-Сұлтан туралы оқып-үйренеміз (картадан Нұр-Сұлтанды тауу).



-Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше, ол-саяхат сабағы. Елордамызға саяхатқа шығамыз.

-Ал саяхатқа шығу үшін біздің қолымызда не болуы керек?

-Карта.

-Дұрыс айтасындар, ендеше мен сендерді қазір саяхат картасымен таныстырамын.



-Сабағымызды ары қарай жалғастыру үшін екі топқа бөлінуіміз керек.Топқа бөлу.

«Пазл» әдісі арқылы 2 топқа бөлу.

3. I аялдама. Сөздік алқабы.

| | |
|-------------------------|----------------------------------|
| тұрғын-житель | қасиетті-священный |
| орталық-центр | танымастай-неузнаваемо |
| ғимарат-здание | ұлт өкілдері-представители наций |
| бой көтерді-выстроились | болашақ-будущее |

Сөз тізбегі. Сөз тіркесі тізбегі (1-топ). Сөйлем тізбегі (2-топ).

II-аялдама. «Думан».

1.Мәлімет беру.

Нұр-Сұлтан

Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы- Нұр-Сұлтан. Ол Есіл өзенінің бойында Сарыарқа жерінде орналасқан.

Аз уақыттың ішінде қала танымастай өзгерді. Есіл өзенінің бойында Елбасы Резиденциясы, Парламент үйі, Жастар сарайы, көп қабатты үйлер бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ес-керткіштері қойылған.Қаланың ортасында бес жұлдызды «Алатау» қонақ үйі салынды.

2.Тапсырма.

а) Мәтіннен көмекші есімдерді өзі байланысып тұрған зат есімдермен бірге теріп жазыңдар (1-топ).

ә) Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазыңдар (2-топ).

III-аялдама. «Хан Шатыр».

1.Мәлімет беру.

«Хан Шатыр»-Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласындағы ірі ойын-сауық және сауда орталығы 2010 жылы 6-шілдеде Нұр-Сұлтан күніне орай ашылған. Хан Шатыр, әлемдегі шатыр түрлі құрылыстардың ең орасан зоры болып және Қазақстандағы сауда орталықтарының ең үлкені, әрі бірегей сырт пішінімен айшықталады. Лорд Норман Фостердің қиялынан шыққан сәулет ғажайыбы – “Хан Шатыр” сауда және ойын-сауық орталығының ғимараты Орталық Азиядағы баламасыз әрі ең ірі архитектуралық жоба болып табылады. Құрылыс нысанының металл қаңқасы – 2300 тонна, шатырдың биіктігі – 150 метр.

2.Тапсырма.

а) Әр топ мәтін бойынша сұрақтар әзірлеп, сандықшаға салады.

ә) Кезекпен сандықшадағы сұраққа жауап береді.

IV-аялдама. «Бәйтерек».

«Нұр-Сұлтан болашақта.....» тақырыбында сурет салып, өз ойларын қорғау.

V-аялдама. «Ақ Орда».


Берілген алгоритм бойынша сұхбат құру.

Сұрақ-----Келісу
Сұрақ-----Ұсыныс
Қарсылық-----Сұрақ
Себеп-----Жаңа ұсыныс
Күмән-----Сенім
Келісу-----.....

VI-аялдама. «Пирамида».

Бос ұяшықтарды толтыру.

| | |
|-------------|-----------|
| Родина | Қазақстан |
| Государство | Рәміздер |
| Гимн | |

| | | | | | | | |
|----------------|--|--|---------|--------|--|--|--------|
| | <table border="1"> <tr> <td data-bbox="325 152 775 188"></td> <td data-bbox="775 152 1235 188">Елтаңба</td> </tr> <tr> <td data-bbox="325 188 775 224">Страна</td> <td data-bbox="775 188 1235 224"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="325 224 775 266"></td> <td data-bbox="775 224 1235 266">Елорда</td> </tr> </table> | | Елтаңба | Страна | | | Елорда |
| | Елтаңба | | | | | | |
| Страна | | | | | | | |
| | Елорда | | | | | | |
| Сабақты бекіту | <p>Сөздерді сәйкестендіру. Біздің қала Әдемі Отаным Нұр-Сұлтан еліміз Менің жері «Астана» сөзінен жаңа сөздер құрастыру.</p> <p>-Балалар, осымен саяхатымыз аяқталды. -Саяхат сендерге ұнады ма? -Олай болса, бүгінгі сабағымыздың қорытынды кезеңіне де, келіп жеттік. « Сيقىрлы сандық». Берілген сандарды тандап, жасырынған сұрақтарға жауап беру. 1.Есіл өзенінің жағалауында орналасқан қала? 2. Нұр-Сұлтандағы ойын-сауық орталықтарын ата. 3.Қ.Р. тұңғыш президенті кім? 4.Бір сөзбен ата. Әнұран, елтаңба, ту. 5.Биыл Қазақстанның тәуелсіздігіне неше жыл? 6.Хан Шатырдың биіктігі қанша? 7.Қазақстанның ұлттық валютасы не? 8.Қазақстанның ауа райы қандай? 9.Қазақстан қай құрлықта орналасқан? 10.Қазақстанның елордасы қай қала?</p> | | | | | | |
| Бағалау |  <p>Үй тапсырмасы: «Астана» өлеңін жаттау.</p> | | | | | | |
| Рефлексия | <p>Мен ... үйрендім. Мен ... білдім. Маған ... қиын болды.</p> | | | | | | |